**Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем ставкаларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 24 ақпан N 196. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық кодексі) және "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем ставкалары бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 ақпандағы N 196 қаулысымен бекітілген

**Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем ставкалары**

| Р/с N | Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды жеке және заңды тұлғалардың пайдалану түрлері | Өлшем бірлігі | Айлық есеп айырысу көрсеткіштерін. дегі төлем ставкалары |
|---|---|---|---|
| 1 | Ғылыми мақсаттарда (ғылыми | адам-күн | 0,1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | зерттеулерді жүргізу), 5-тармақта көрсетілген тұлғаларды қоспағанда | | |
| 2 | Мәдени-ағарту және оқу мақсатта. рында, 5-тармақта көрсетілген тұлғаларды қоспағанда: | | |
| | 1) жансыз табиғаттың, өсімдіктер. дің және жануарлардың объектілерін, тарихи-мәдени мұра объектілерін көрсету; | адам-күн | 0,1 |
| | 2) оқушылар мен студенттердің оқу экскурсиялары мен сабақтарын, өндірістік практикасын жүргізу; | адам-күн | 0,1 |
| | 3) қорық ісі, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану саласындағы ғылыми кадрларды даярлау, мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру | адам-күн | 0,1 |
| 3 | Туристік және рекреациялық мақсаттарда, 5-тармақта көрсетіл. ген тұлғаларды қоспағанда | адам-күн | 0,2 |
| 4 | Шектеулі шаруашылық мақсаттарда, 5-тармақта көрсетілген тұлғаларды қоспағанда | адам-күн | 0,1 |
| 5 | Ерекше қорғалатын табиғи аумақ. тарды осы Төлем ставкаларының 1, 2, 3, 4-тармақтарында көрсетілген мақсаттарда, "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабымен белгіленген, мемлекеттік мекеме нысанындағы заңды тұлғалардың пайдалануы | адам-күн | 0,0 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК